

Лаура Тохетова

Еліміздегі білім және ғылым, ауыл шаруашылығы салаларын дамыту, еңбек нарығына қажетті маман даярлау жұмысына өзіндік үлес қосып жүрген педагогтың бірі – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Аграрлық технологиялар» кафедрасының профессоры Тохетова Лаура Әнуарқызы.

Білікті ұстаз өз саласы бойынша 205 ғылыми мақаланың, 15 патенттің авторы. Оның ішінде 47 мақала Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізіміне кіреді. Scopus және Web of Science базаларында 9 мақаласы жарық көрген.

Ауыл шаруашылығы саласы кез келген елдің азық-түлік қауіпсіздігін қалыптастыруда ерекше маңызға ие. Бүгінде университет ғалымдары дәнді дақылдардың жаңа сұрыптарын шығару бағытында зерттеу жүргізуде.

Лаура Әнуарқызы тәжірибе жинақтау мақсатында Сирияда өткен «Арпаның селекция және генетика зерттеулер арқылы ауруға төзімді сорттарын шығару» ғылыми тренингіне, Ресей мен Египетте өткен «Арпаның генетикасы» симпозиумына қатысқан. Сондай-ақ, Ресейде өткен Н.И.Вавиловтың 125 жылдығына арналған халықаралық конференцияда пленарлық баяндама жасады.

Педагогтың шәкірттері де ғылым жолында. Гүлмира Ахмедова, Ақжүніс Рената, Ерасыл Жанзақов Ресей федерацияның Уфа қаласында ұйымдастырылған «Актуальные технологические инновации в науке и образовании» атты халықаралық ғылыми-зерттеу конкурсына қатысып, I орынға ие болды.

Лаура Әнуарқызы Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төс белгісімен, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Кұрмет» грамотасымен, Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Атқару комитетінің қаулысымен «Елеулі еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Ел дамуы жолында елеулі еңбек етіп, кәсіби білікті кадр даярлау ісіне үлкен үлес қосқан осындай ұстаздар – біздің мақтанышымыз